

**Ақтөбе облысының ішкі саясат басқармасының 2021-2023 жылдарға
арналған бюджеттік өтініміне түсіндірме жазба**

*Есепті қаржы жылындағы қол жеткізілген нәтижелер
көрсеткіштерінің қысқаша сипаттамасы:*

2019 жылдың қорытындысы бойынша Ақтөбе облысының ішкі саясат басқармасы бойынша төмендегідей жұмыстар атқарылды:

- үкіметтік емес ұйымдар мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс аясында облыс бойынша **11** әлеуметтік маңызды жобаларды жүзеге асырды.

- Қазақстан Республикасы Президенті Н.Назарбаевтың «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері», «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты Жолдауларының, «100 нақты қадам» Ұлт Жоспарының, «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласының және «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласының негізгі бағыттарын түсіндіру бойынша жүйелі жұмыстар жүргізілді. Жыл ішінде облыстық ақпараттық топтары **2625** рет кездесу өткізіп, оған **249** мыңнан астам тұрғын қамтылды.

- «Атамекен» бағдарламасы аясында «Туған жерге тағзым» акциясы негізінде жалпы құны **1 млрд.555 млн** теңгеге **620** жоба демеушілік тарапынан жүзеге асырылды.

- облыс әкімдігі жанындағы Мемлекеттік рәміздер жөніндегі комиссиясының **5** отырысы ұйымдастырылып, жоспарға сәйкес облыс аумағында **24** мониторинг іс-шарасы жүргізілді.

- облыстық ішкі саясат басқармасы тапсырысымен **6** тақырыпта **6026,7** мың теңгеге әлеуметтік зерттеу жұмыстары жүргізіліп, нәтижесі мемлекеттік органдарға жұмыста қолдануға жолданды.

- Ұлт Жоспары шеңберінде мемлекеттік органдар қызметінің ашықтығы мен жариялылығын қамтамасыз ету мақсатында, 2019 жыл ішінде өңірлік коммуникациялар қызметінің баспасөз алаңында барлығы **138** баспасөз мәслихаты, брифингтер, **7,5** мыңнан астам ақпараттық материалдар мен

пресс-релиздер жарияланды.

Ақпараттық саясат тапсырысы аясында 65 бейне ролик, 650 сюжет, 440 бағдарламалар, 299 облыс имиджін көтеретін материалдар жарияланды.

Орын алып отырған проблемалардың ағымдағы жай-күйінің қысқаша сипаттамасы:

Мемлекеттік ақпараттық саясатты БАҚ арқылы жүргізудің басты мақсаты Елбасымыздың тапсырмаларын, Үкіметіміздің мемлекеттік бағдарламаларын, облыс әкімінің басшылығымен атқарылып жатқан қоғамдық маңызды іс-шаралары мен өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуы туралы халыққа насихаттау, түсіндіру, жеткізу бойынша мақалалар мен материалдар жариялау, телевидение және радио арқылы хабарлар ұйымдастырып ақпарат тарату, бейнероликтер дайындау және көрсету.

Мемлекет Басшысының саясатын, халықтың тұрмыс-тіршілігін, жағдайын жақсартуға, еліміздің экономикасын дамытуға, өркендетуге бағытталған тапсырмаларын, Үкіметтің қабылдап жатқан мемлекеттік бағдарламалары мен жоспарларын, атқарылып жатқан оң өзгерістерді ел тұрғындарына кеңінен жеткізу, ақпараттандыру бағытындағы жұмыстарды одан әрі жалғастыру үшін мемлекеттік ақпараттық саясатты жүзеге асыруға 2021 жылға облыстық бюджеттен қосымша 200 млн. теңге қаржы керек.

Жағдайды жақсарту және проблемаларды шешу, мемлекеттік органның стратегиялық жоспарының жобасында айқындалған мақсаттарға және жоспарланған нысаналы индикаторларға қол жеткізу жолдарының сипаттамасы: Стратегиялық жоспар 2013 жылғы 3 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне бюджет заңнамасын жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР №150-V Заңымен алынып тасталды.

Бюджеттік бағдарламаның мақсаты мен жоспарланған түпкілікті, тікелей нәтижелерінің сипаттамасы, бюджет қаражатын жұмсау бағыттарын нақтылайтын ақпарат:

263 001 «Жергілікті деңгейде мемлекеттік ішкі саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер» бюджеттік бағдарламасының бюджеттік бағдарлама бойынша шығыстар - 128587,0 мың теңге:

мақсаты: Жергілікті деңгейде мемлекеттік ішкі саясатты іске асыру үшін басқару аппаратының қызметін қамтамасыз ету. Ұлттың бірлігін қамтамасыз ету және қазақстандық патриотизмді нығайту;

Тікелей нәтиже көрсеткіштері - Басқарма аппаратын ұстау: мемлекеттік қызметшілер -18 бірлік, тех.персонал - 5 бірлік; Үкіметтік емес ұйымдармен бірлесіп іске асырылған шаралар мен жобалардың саны - 11 бірлік; Біліктілігін көтеру және қайта даярлау курстарынан өтетін аппарат қызметкерлерінің саны - 1 бірлік.

2020-2022 жылдарға бюджеттік өтінім ҚР Қаржы Министрлігінің 2014 жылғы 24 қарашадағы № 511 «Бюджеттік өтінімді жасау және ұсыну қағидаларын бекіту туралы» бұйрығымен бекітілген қағида талаптарын басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасының бірыңғай бюджеттік сыныптамаcы, заттай нормалардың негізінде жасалды.

111 - ерекшелік бойынша – 45303,0 мың теңге, 113-ерекшелік бойынша - 6592,0 мың теңге, басқарма қызметкерлерінің (18 штаттық бірлік) және "Рухани жаңғыру" КММ (12 штаттық бірлік) еңбек ақысы және өтемақы төлемдері Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы «Мемлекеттік әкімшілік қызметшілер лауазымдарының тізілімін бекіту туралы» №150, 2004 жылғы 17 қаңтардағы «Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджеті және Ұлттық Банкінің сметасы (бюджеті) есебінен қамтылған Қазақстан Республикасы органдары қызметкерлеріне еңбекақы төлеудің бірыңғай жүйесі туралы» № 1284

Жарлықтарын басшылыққа ала отырып және олардың еңбек өтілдеріндегі өзгерістерді ескере отырып, "Рухани жаңғыру" КММ қызметкерлерінің еңбекақысы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» №1193 қаулысы негізінде есептелінді;

121 - ерекшелік бойынша - 2447,0 мың теңге, әлеуметтік салықты есептеуде «Салық кодексі» басшылыққа алынды;

122 - ерекшелік бойынша - 1427,0 мың теңге, әлеуметтік аударымдар Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 21 маусымдағы «Әлеуметтік аударымдарды есептеу және аудару ережелерін бекіту туралы» № 683 қаулысы негізінде есептелінді;

123 - ерекшелік бойынша - 17,0 мың теңге - «Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 1 шілдедегі № 446 Заңы басшылыққа алынды;

124 - ерекшелік бойынша - 906,0 мың теңге - Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 16 қарашадағы № 405-V ҚРЗ «Міндетті медициналық сақтандыру туралы» Заңы басшылыққа алынды;

131 - ерекшеліктер бойынша - 3502,0 мың теңге, штаттан тыс қызметкерлердің (5 штаттық бірлік) еңбекақысы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» №1193 қаулысы негізінде есептелді;

135 - ерекшеліктер бойынша - 369,0 мың теңге, штаттан тыс қызметкерлер бойынша әлеуметтік салықты есептеуде «Салық кодексі»

басшылыққа алынып, әлеуметтік аударымдар Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 21 маусымдағы «Әлеуметтік аударымдарды есептеу және аудару ережелерін бекіту туралы» № 683 қаулысы, Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 16 қарашадағы № 405-V ҚРЗ «Міндетті медициналық сақтандыру туралы» Заңы негізінде есептелінді;

136 - ерекшеліктер бойынша - 401,0 мың теңге, "техникалық персоналдың ел ішіндегі іссапарлары мен қызметтік сапарлары" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 11 мамырдағы № 256 қаулысы (барлық енгізілген өзгерістерді және АЕК - 2784 теңге екендігін ескере отырып) негізінде есептелінді;

144 - ерекшелік бойынша - 476,0 мың теңге, оның ішінде бензин - 190,0 мың теңге, газ - 286,0мың теңге, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 11 тамыздағы N 1210 қаулысы негізінде есептелді;

149 - ерекшелік бойынша - 1775,0 мың теңге, оның ішінде мерзімді баспа өнімдеріне жазылуға - 236,3 мың теңге, кеңсе тауарларын сатып алуға – 1334,7 мың теңге есептелді;

152 - ерекшелік бойынша байланыс қызметтеріне ақы төлеуге **2897,0 мың теңге** қаралған, оның ішінде қалалық телефон нөмірлеріне -154,0 мың теңге, қалааралық, ұялы байланыс сөйлесулер - 150,0 мың теңге, пошта қызметіне - 48,0 мың теңге, интернет желісіне кіру қызметтері – 2335,0 мың теңге және 210,0 мың теңге есептелінді;

153 ерекшелік бойынша көліктік қызмет көрсетулерге ақы төлеу- 5376,0 мың теңге (2 автокөлік) - басқармаға және "Рухани жаңғыру" КММ - жеңіл автокөлікті жалға алу;

154 ерекшелік бойынша - "Рухани жаңғыру" КММ ғимаратты жалға алу үшін - 1800 мың теңге;

155 - ерекшелік бойынша Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде қызметтерге ақы төлеу - **31244,0 мың теңге** - Үкіметтік емес ұйымдардың әлеуметтік маңызы бар жобаларды орындау жөніндегі қызметтер (11 жоба);

159 - ерекшелік бойынша - 165330 мың теңге, оның ішінде банк қызметіне - 120,0 мың теңге, Мемлекеттік электрондық ақпараттық ресурстар мен мемлекеттік ақпараттық жүйелерге (хостинг- виртуалдандыру технологиясын пайдаланумен шоғырландырылған есептеу алаңын ұсынуда) жеке және заңды тұлғалардың қолжетімділік үшін техникалық талаптарды құруды қамтамасыз ету - 420,0 мың теңге, «Парус» бағдарламасы және бюджеттік жоспарлау бағдарламасына техникалық қызмет көрсетуге - 828,0 мың теңге, мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттыруға - 137,0 мың теңге, семинарларға – 50,0 мың теңге, автокөліктерге техникалық қызмет көрсету – 100,0 мың теңге, әлеуметтік зерттеулер жүргізуге (7 қызмет) - 10000,0 мың теңге және т.б.;

161 - ерекшелік бойынша - 3489 мың теңге ел ішіндегі іссапарлар мен қызметтік сапарлар шығыны «Бюджет қаражаты есебінен қызметтік іссапарларға, оның ішінде шет мемлекеттерге қызметтік іссапарларға арналған шығыстарды өтеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 11 мамырдағы № 256 қаулысы (барлық енгізілген өзгерістерді және АЕК - 2784 теңге екендігін ескере отырып) негізінде есептелінді;

169 - ерекшелік бойынша - 1290,0 мың теңге - "Рухани жаңғыру" бағдарламасы аясында өткізілетін мерекелік іс шараларды қаржыландыру.

414 – ерекшелік бойынша - 2743,0 мың теңге - "Рухани жаңғыру" КММ -не 6 моноблок (*12 штаттық бірлік, 2019 жылы 6 моноблок сатып алынды*), 12 кресло, 2 шкаф және ҚР туын сатып алу.

263 007 «Мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі қызметтер» бюджеттік бағдарламасының *мақсаты*: Мемлекеттік ақпараттық саясатты іске асырудың тиімділігін арттыру;

Мемлекеттік ақпараттық саясатты жүзеге асыруға - 415 000,0 мың теңге қажет. оның ішінде:

2021 жылы бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру арқылы төмендегідей **тікелей нәтиже көрсеткіштеріне** қол жеткізілетін болады:

- Мемлекеттік тапсырысты іске асыру шеңберінде шығарылған өңірлік телевизиялық және радиохабарлар көлемі - 201 сағат;
- Мемлекеттік тапсырыс шеңберінде шығарылған өңірлік баспа БАҚ материалдарының көлемі (газеттер) – 805 жол;
- Мемлекеттік тапсырыс шеңберінде шығарылған өңірлік баспа БАҚ материалдарының көлемі (журналдар) – 13 баспа беті.


263 077 «Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз етуге және өмір сүру сапасын жақсарту» бюджеттік бағдарламасының *мақсаты*: Ақтөбе облысында таратылатын жаңалықтар бағдарламаларының сурдо аудармасын қамтамасыз ету ;

Ақтөбе облысы бойынша таратылатын жаңалықтар телебағдарламаларын сурдоаудармамен қамтамасыз ету - 45869,0 мың теңге.

2021 жылы бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру арқылы төмендегідей **тікелей нәтиже көрсеткіштеріне** қол жеткізілетін болады:

- сурдоаудармамен тарату көлемі - 222 сағат;

Басқарма басшысы



А.Купенов